

Абаилдаева Г.Н.

Қазіргі заман қытай әдебиетіндегі коммунистік идеяның әсері (Ло Гуаңбиннің «Қызыл жартас» романын талдау негізінде)

Abaildaeva G.N.

The influence of communistic idea to modern Chinese literature (Based on the analysis of the Luo Guang bin's novel «Red Rock»)

Абаилдаева Г.Н.

Влияние коммунистической идеи в современной китайской литературе (на основе анализа романа Ло Гуанбина «Красный утес»)

Мақалада автор Ло Гуаңбиннің «Қызыл жартас» романына шолу жасалу негізінде Қытай әдебиетіндегі коммунистік идеяның әсері туралы талдау жасайды. Қазіргі замандағы Қытай әдебиетіндегі коммунистік идеяның ықпалын анықтау – сол дәуірдегі қытай әдебиетінің өзіндік келбетін кеңінен тануға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: коммунистік идея, партия, әдебиет, Ло Гуаңбиннің шығармашылығы.

In the article by a brief overview of the Luo Guang Bin's novel "Red Rock" considered the influence of communist idea to the modern Chinese literature. Determine the influence of communist idea to modern Chinese literature allows to recognize a wide range of self-image of Chinese literature of that time.

Key words: communistic idea, party, Lu Guang bin's novels, literature.

В статье рассматривается влияние коммунистической идеи на основе анализа романа Ло Гуанбина «Красный утес». В современной китайской литературе было особое влияние коммунистической идеи, позволяющей распознать особые знания китайской литературы того времени.

Ключевые слова: коммунистическая идея, партия, творчество Ло Гуанбина, литература.

**ҚАЗІРГІ
ЗАМАН ҚЫТАЙ
ӘДЕБИЕТІНДЕГІ
КОММУНИСТІК
ИДЕЯНЫҢ ӘСЕРІ
(ЛО ГУАҢБИННІҢ
«ҚЫЗЫЛ ЖАРТАС»
РОМАНЫН ТАЛДАУ
НЕГІЗІНДЕ)**

Өткен бір ғасырдың ішінде Қытай қоғамында үлкен өзгерістер мен бет-бұрыстар болып жатты. Жүз жылға таяу уақыттың ішінде Қытай екі үлкен төңкеріс бастан кешірді, атап айтар болсақ 1911 жылы Сұн Жоң Шань басшылық еткен революция сан мың жылдар бойы жалғасып келген феодалдық патшалық дара билік түзімін құлатып, оның орнына демократиялық саяси жүйені ұстанатын жаңа үкімет орнатты. Бірақ ол кездегі үкіметтің әлсіздігінен мемлекет ішінде жергілікті милитаристердің арасында ішкі соғыстар басталды, оның артынша Жапонияның шапқыншылығына ұшырады. Дәл осы уақытпен қатар, Қытайда Мау Зыдұң жетекшілік еткен коммунистердің революциясы жарыққа келді. Бұл революция 1949 жылғы жаңа республиканың құрылу жеңісімен аяқталды.

Қытай Халық Республикасы құрылғаннан кейін қытай әдебиетіне коммунистік идеяның ықпалы ерекше болды. Қытай Компартияның идеологиялық доктринасы көркем әдебиетке жетекші рөл атқарғандықтан, Қытайдың әдеби шығармашылығында коммунистік идеяның терең әсері айқын байқалады. Сондықтан қазіргі замандағы Қытай әдебиетіндегі коммунистік идеяны анықтау – жалпы қытай шығармашылығын танудың негізі болып табылады.

Ал, сол заманның басты тақырыптарын ұрандар мен мақтау жырларымен баяндайтын әдебиетшілер де табылды. Олар сол саясатты қолдаушылар мен партияға жұмыс атқарушылар болды. Сонымен қатар жаңа заманның келуімен, жаңа өмірдің келетініне сенген шаруалар мен қарапайым халық та бар еді.

Қытай өкіметі Ленин мен Сталинизм бағытын қатты қолдады, өйткені Кеңес үкіметінің әдебиетшілері халқына арнайы саяси мақсатты көздеген көптеген шығармалар мен ұрандар шығарды. Шаруалары мен халқының рухтарын көтеріп теңдікке жетелеуде үлкен рөл атқаратынына сенді. Салыстырып қарағанда бүкіл Кеңестік заманындағы халық қаһармандары мен теңдік үшін қаны мен жанын төгуге әзір азаматтар образы көп сомдалды. Сонымен қатар сол күш пен жігердің арқасында нәтижесінде үлкен жеңіске жетуге болатынына сендірген шығармалар желісі көп болды. Бұл шығармалардың астарында үлкен мән мағына астарлы болды. Міне, сол идеологиялық шығармаларға Қытай оқырмандары да мұқтаж болды. Сондықтан, 1949 жылдан

бастап қытай әдебиеті саяси және идеологиялық көзқарастың көрінісі болды. 1942 жылдың өзінде-ақ Мао Цзэдун Яньандадағы әдебиет пен өнерге байланысты мәжілісіндегі сөзінде айтқан «Әдебиет саясатқа қызмет ету керек, халықтың тілегі үнемі өсіп отырғандықтан, әдебиетте соған қарай қалауларына байланысты таратылу керек». Мао жұмысшы шаруалар мен әскер адамдары үшін жазылған нағыз пролетарлық әдебиет жасауды бұйырды, сонымен қатар әдебиет қызметін партия бақылауға алды.

Маодың әдебиеттегі мұратын іске асырған Жао Шули болды, ол өзінің «Ли Юцайдың жырлары» атты повесінде мазмұны мен құрылымы жағынан да пролетарлық әдебиет үлгісін көрсетті. Сонымен қатар, көпшілік оқырман қауымына ұнамды етіп «小二黑结婚» «Сияу ар хейдің үйленуі» деген кішігірім әңгіме жазды. Жао Шули сол заманның шаруалар мен қарапайым халыққа сондай жанашырлықпен қарайтын. Өйткені өзі де сол заманның тауқыметін молынан тартқан адамдардың бірі болатын. Жаңа кеңестік идеяның келуі бұл өмірдің тауқыметінен, қиыншылығынан құтылудың бір, әрі ең тиімді жолы сияқты көрінді. Сол ұранмен халықты да жаңа заманның ағымына жетелейтін, олардың бақытқа бөлейтін заманның туатынына сендіретін ұрандар керек болатын. Әр қарапайым адам өмірінде ешқашан үмітін үзбей болашаққа ұмтылуға тырысады. Барынша қиындықтарды жеңіп, қойылған мақсатқа жетуге деген ынта берік болады. Міне, сол заманның қиыншылығында өмір сүріп, теңдессіздікке ұшыраған халыққа демеу ауадай қажет болды. Оларды алға жетелеп, болашақтағы өмірдің жақсы болатынына сендіретін, күштерін жинап күресетін қайнар көзде әдебиет болғаны мәлім. Әсіресе, 20 ғасырдың бастапқы кезіндегі әдебиет ерекше халыққа бір құрал ретінде ықпалын тигізетін дәрежеде болды. Чжао Шулидің өзі кеңестік идеяны қатты қолдады. Ол да барлық адамдардың тапқа бөлінбей, теңдікте өмір сүргенін қалады. Сол бағытты ұстанып, қолдау көрсетті. Ол өзінің халқына деген адалдығын, сүйіспеншілігі мен борышын шығармалары арқылы жеткізіп отырды. «小二黑结婚» «Сияу ар хейдің үйленуі» деген туындысы көлемі жағынан кішкентай болса да бүкіл таптағы, әрі қарапайым халыққа түсінікті етіп жазылған шығарма.

Бұл шығарма жаппай шаруа пен қарапайым халықтың ойынан шықты. Тіптен, ішіндегі кейіпкерлеріне жастардың ішінде еліктейтіндер де болды. Бұл шығарманың желісі Қытайдың

Жапон елімен соғысып жатқан кезеңдегі оқиға. Бұл жерде басты кейіпкер батылдығымен халық батыры атанады.

1949 жылдан кейін қытай әдебиетінде өте үлкен өзгерістер болды, әдебиет жұмысшы, диқан, әскер болуға құлшындырды, осылайша қытай әдебиеті бір бағытқа бағынды, бір жоспарлы әдебиетке айналды. Бұл кезде адамдарда саяси көзқарас бірінші орынға шықты, руханият екінші орында тұрды. Демек, саясат барлық әдебиеттің өзегі болды. Жазушының барлығы «қызыл» әдебиетшіге айналды. Мәдениет төңкерісінің алдындағы «қызыл» әдебиет «стихиялы құдайшылдық» әдебиетке көшті. Осылай эстетикадан арылып, ежелгі қытай әдебиетіне ұқсап қалды. Әдебиет тек саясаттың ғана сойылын соқты. Орыстардан келген социалистік осы замандандыру, қытайларға социалистік реалистік жағдайдан романтикаға ұласып коммунизм желімен келді. Осы кезде «қызыл түсті» әдебиет пайда болды.

1956 жылдан 1957 жылдың алғашқы алты айында әдебиетте жетістіктер пайда болды. 1956 жылдың 26 мамырында Мау Зыдұң «жалпы жарыса үн қатсын, барлық гүлдер шешек атсын» деп ұран тастаған соң, барлығы қаламдарын қолға алып шығармаларын жаза бастады. Сол кезеңде «қызыл түсті» әдебиет жақсы дамыды Лияң Бин (1914-1996) мен Ло Гуаңбин (1924-1967) қатарлы жазушылар «қызыл ту», «қызыл жартас», «Ян анды қорғау», «қызыл күн», «Ли хай қарлы алқабы», «жастық шақ жыры» қатарлы атақты романдар жазылды. Осы кездерде «山药蛋派» (Шан яу дан пай) атты әдеби ағым қалыптасты, оның ту ұстаушылары Ма Пың, Ху Жыңдар болды. Бұлар «火花» (хуохуа) атты журнал шығарды. Осы топтағы атақты жазушы Жау Шули «小二黑结婚» «Сияу ар хейдің үйленуі» атақты әңгімесін және «三里湾» (Үш шығанак) романын жазды.

Партия өкілдерін ақылды әрі батыл, отан сүйгіш азамат, ал қараңғы шаруалардың көздерінің ашылып жатқаны, сонымен қатар ақымақ бірақ жауыз кейіпкерлермен күрес жайлы шығармалар желісі көпшілік қауымның сұранысы мен қалауына айналды.

Міне, осы кезеңдегі саяси көзқарасты дәріптеу мақсатындағы жазылған шығармаларға тоқталып кетсек.

Ло Гуаңбин мен Яң Иянның бірлесіп жазған «Қызыл жартас» «红岩» романы оқырмандардың ойынан шықты. Оқырмандарын бей-жәй қалдырмаған бұл роман 40 миллион тиражбен басылып шығып, 1980 жылдары да қайта рет

басылып миллион данамен сатылды. Демек, бұл сол заманның Қытай уақытша үкіметінің кемшіліктерін аяусыз әшкерелеп, басшылық пен қала халқының күресі, студенттер қозғалысы, жұмысшы диқандар көтерілісі, түрмедегілердің жанталасы секілді дүниелер шығармада ашық жазылған.

Жазушы Ло Гуанбин өзі 1948 жылы жала жабылып, тұтқындалып, Америкаға айдалған. Бірақ, Қытай коммунистік партиясы құрылғаннан кейін ақталып бостандыққа шыққан. Сонымен қатар тағдырлас болған Ин Дубин де ақталып бостандыққа шығады. Екеуі кәсіби жазушы болмаса да, бас қосып, Қызыл жартас романын шығаруға атсалысады. Бұл роман сол кездегі тарихшы, әдебиетші және ғалымдардың зерттеу жұмыстарының көмегімен жарыққа шығады. Мұқият зерттеліп, төңкеріс кезеңіндегі басты кейіпкерлердің батылдығын, қайтпас қайсарлығын, отанына адалдығын анық бейнелеген ең үздік туынды болды. Бұл шығарма коммунистік идеяны ең әсерлі бейнелейтін туынды, тіпті, революция оқулығы деп те атаған.

Ішінде бір топ төңкеріс батырлары көзге түседі, өздерінің мақсаттарына сенімділігі, түрмеде отырса да, қиындықтарға мойымай, керісінше айналасындағы адамдарды өзіне тартып, әділдік үшін күресуге шақырады.

Оқиғада Чунцин қаласында бастау алады. Чунцин Жоғары оқу орнының студенттері мен оқытушылары жасырын қытай коммунистік партиясының бастауымен үлкен көлемдегі шеру ұйымдастырып, ереуілге шығады. Сонымен қатар басқа да барлық жоғары оқу орындарында студенттердің қозғалысы басталады. Жасырын коммунистік партияның мүшесі болған зауыт жұмысшылары да көтеріле бастайды. Бірақ Қытай ұлттық халық партиясының үкіметі болып жатқан көтерілістерді тез арада қолға алып, басып тастауға әрекет етеді. Жан-жақты әскерлерді күшейтіп, ереуілге шыққан жасырын коммунистік партия мүшелері болып табылатын студенттер мен жұмысшыларды тауып, тұтқынға алады.

Чунцин жұмысшыларының ішінде беделге ие, құрметтісі, дүние мүлікке еш қызықпайтын, батыл да қайсар Суен Фынг әрекеті бейнеленген. Ол жасырын коммунистік партияның мүшесі болғаны анықталып, тұтқындалған. Кейіпкердің түрмеде отырып, өзі үшін емес, қасындағы кінәсіз тұтқындардың бостандыққа қол жеткізуі үшін он саусағымен қанталатып жол қазғаны суреттеледі.

Екінші басты кейіпкер Жаң Жие есімді жұмысшы қыз туралы. Жаң Жие өзінің ісіне тиянақты, жауапты, ақылды, жан дүниесі нәзік, мінезі жұмсақ жан. Соған қарамастан, өз ұстанымына адал, берік және батыл қыз. Күйеуі қақтығыс кезінде жараланып, қансырап жатса да, мойымай, қорықпай, алған бетінен қайтпады. Ол түрмеге түсіп, соққыға жығылса да, сөйлетпекші болған жәбірлеушілерге аузын ашпады. Керісінше ол қасындағы төңкерісшілердің рухтарын көтеріп, жігерлендіріп отырды. Соңында, көздеген жеңіске қол жеткізіп, өзі қаза тапты.

Осы кейіпкерлердің образымен коммунистік партияның адамдарды қаншалықты жігерлі, батыл етіп дайындайтынын көре аламыз. Өмірін пида етіп, жұмысшылар мен қарапайым халықтың мүддесін бірінші орынға қойып отыр. Басты мақсат коммунистік партияның билікке шығуы болатын.

Суен Фынг мен Жаң Жиенің жарқыраған бейнесін қанды майдандардың ішінде көруге болады. Сондықтан да роман «Қызыл жартас» атауына ие.

«Қызыл жартас» мазмұны тамаша, композициясы айқын, идеясы қарапайым халыққа түсінікті туынды. Бұл роман өзінің сол кезеңдегі коммунистік идеяны әсерлеп суреттеуімен, төңкеріс кезінде болған оқиғалардың тоғысуымен оқырмандардың көңілінен шықты.

Мұнда, Хуа Ин Шаңның әскери күшпен күресі, жасырын коммунистік партиясының мүшелері, студенттердің және концлагердің түрме ішінде қақтығыстарын бейнелейді. Толығымен, үш оқиғаның желісімен түрменің ішіндегі және сыртындағы қанды оқиғалардың нәтижесінде жеңіске қол жеткізеді. Осылайша, қатаң да мейірімсіз шенеуліктердің көрсеткен қиындықтарымен күресіп, қойылған мақсатқа жетудегі кейіпкерлердің ерік жігер мен шыдамдылықтарын көрсетіп, романның сюжетін толығымен ашып отыр. Ал романның сюжеті қатаң, қорқынышты, қобалжытатын, тосын, шытырман оқиғалардан тұрады. Жасырын коммунистік партияның қарсыластары мен екі жақты күрес, соғыс көріністері, құпиялары, түрмедегі қорқыныш, арандату, азғыру, көрсетілген зорлық-зомбылықтар суреттелген. Жасырын коммунистік партия мүшелерінің қатаң жаза алдында еңселерін биік ұстап, қайыспай күресуінің нәтижесі жеңіс екенін көркем бейнелеген шығарма. «Қызыл жартас» төңкеріс тарихи әдебиетінің ең үздік классикалық шығармасы.

Сол тарихи кезең мен халықтың жағдайын романда кейіпкерлер арқылы нақты көрсетеді.

Негізі роман екі лагерь төңкерісшілер күресі, Чунцин жас студенттер күресі және қарапайым қара жұмысшылардың жанталасының сипаттамасы болып табылады..

Жалпы, «Қызыл жартас» «红岩» қазіргі заманғы қытай әдебиетінде кездесетін сирек классикалық туынды болып табылады. Бұл Қытайдың ірі тарихи оқиғалары жазылған жанама роман ішінде ұлы жеңістер суреттелген. Онда КҚК-ның пленарлық отырысы, Шанхайды босатуы және Қытай Халық Республикасы құрылуы. Сонымен қатар, ҚМТ

тыңшылық жүйесі сипаттайды. Осылайша, Ло Гуаңбин «Қызыл жартас» «红岩» романын қарастыру арқылы сол заманның идиологиялық сипатын анық көре алдық.

Қытай тарихындағы Компартияның идеологиялық доктринасы көркем әдебиетке үгіт-насихат құралы рөлін бөлді, әдеби шығармалардың «кең бұқараға» арналып, сол кездегі саяси мақсаттармен сәйкестендіріліп жазылуын талап етті. Сол себепті, коммунистік идеяны қамтыған шығармалар кең ауқымда тарап, сұранысқа ие болды.

Әдебиеттер

- 1 Абдурақын Н. Жаңа заман қытай әдебиеті. – Алматы, 2013. – 243 б.
- 2 曹万生主编, «中国现代汉语文学史». 北京. – 2010. – 756 б.
- 3 王化主编, «西方文学经典导论» // 上海: «东人民出版社», – 2004. – 710页.
- 4 Надеев И.М. «Культурная революция» и судьба китайской литературы. – М., 1969.

References

- 1 Abdurakin N. «Zhana zaman kitay adebiyeti». – Almaty, 2013. – 243 b.
- 2 Sao Wang Shing Wang Bien, «Zhong guo hanyu wen xue shi», Beijing. – 2010. – 756 b.
- 3 Wang Hua Wang bien», Shi fang wing xue cidian dao lun». Shang hai. – 2004. – 710 b.
- 4 Nadee I.M. «Kulturnaya revalutsiya» I sudba kitaiskoi literature. – M., 1969.